

Қырғыз Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 229 қаулысы

Қырғыз Республикасындағы жер сілкінісінің салдарынан зардап шеккендерге көмек көрсетуге байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қырғыз Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар броньнан шығарылысін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ресми ізгілік көмекті алушыны айқындасын және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі ізгілік жүкті Қырғыз Республикасының межелі пунктіне дейін тасымалдау және жеткізу үшін жылжымалы құрамды уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика, Қаржы, Инвестициялар және даму министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2016

жылғы

15

сәуірдегі

№

229

қаулысына

қосымша

Қырғыз Республикасына ресми ізгілік көмек көрсетуге арналған материалдық құндылықтар тізбесі

Р/с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1	Матрац	дана	5068
2	Жастық	дана	5068
3	Жастық тысы	дана	5068
4	Ақжайма	дана	10136
5	Көрпе	дана	5068
6	Плиталық күбіше	дана	500
7	Асханалық шәйнек	дана	500

8	Саптыаяқ	дана	5068
9	Қасық	дана	5068
10	Үлкен тостақ	дана	5068
11	Кіші тостақ	дана	5068
12	Жылытуға арналған пеш	дана	554
13	10 орындық қысқы шатырлар	дана	554

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК